

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 886 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 30 қараша N 1272. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 740 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Гранттар тарту және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 886 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 26, 286-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

2-тармақтағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Гранттар тарту және пайдалану ережесінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бюджеттік жоспарлау және ДРК шеңберінде өтемсіз көмек тарту процестері арасындағы өзара қатынастардың сипатына қарай гранттар байланысты және байланыссыз болып бөлінеді:

1) байланысты грант Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант ұсынған донордан одан әрі қарыз алуын немесе донорға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беруді немесе мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қ а р ж ы л а н д ы р у д ы к ө з д е й д і ;

2) байланыссыз грант Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант ұсынған донордан одан әрі қарыз алуын немесе донорға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беруді немесе мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қ а р ж ы л а н д ы р у д ы к ө з д е м е й д і .";

21-тармақтағы "Қаржы министрлігіне" деген сөздер "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі